Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының «Білім туралы» заңының 4-ші бап, 6 тармағы және 14-бабының 1-тармағында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие үшін дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру туралы айтылған (Standard, 2022). Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» атты тұжырымдамасында балаларды тамақтану туралы біліммен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар тәрбиешілер мен мұғалімдердің де осы бағыттағы құзыреттілігін арттыру қажеттілігі атап көрсетілген. Құжаттың денсаулық сақтау мен дұрыс тамақтану бөлімі балалардың салауатты өмір салтын ұстануы үшін кешенді тәсілді ұстанатынын көрсетеді. Бұл бағыттағы тәрбие: Балалардың ғана емес, тәрбиешілердің, мұғалімдердің және ата-аналардың да білімін жетілдіруге бағытталған; Мектеп және балабақша деңгейінде ұйымдастырылған жобалар, тәрбие сағаттары және әлеуметтік бастамалар арқылы жүзеге асады; Қауіпсіздік, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі және

психологиялық денсаулық бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылған (Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan, 2024).

Әдеби шолу. Баланың дене, эмоционалдық және когнитивті дамуы ең бірінші физикалық қажеттіліктеріне байланысты. Физикалық қажеттіліктер: тыныс алу, ұйқы, тамақтану, ойнау т.б. А.Н. Маслоудың қажеттілік теориясына орай, адамның физикалық қажеттіліктері толық қанағаттанбаған жағдайда ары қарай жан-жақты даму үдерісі дұрыс қалыптаспайтынын білеміз (Maslow, 1999). Ғалымның қажеттілік теориясында физикалық қажеттілік адамның денсаулығын сақтаудың негізгі факторы ретінде берілген. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымнан бастап, баланың денсаулығын сақтау туралы білім беруде физикалық қажеттіліктің құрамына кіретін тамақтану дағдыларын дамытуда, астардың құрамын және ағзаға пайдасы мен зиянын үйрету маңызды. Себебі баланың ересек өмірінде денсаулығын сақтау, толыққанды өмір сүру, өзінің ағзасына қажетті заттарды дұрыс таңдай білу мәдениетінің дамуына ықпал етеді.

Д.Д. Шарипова мен Саифиеваның еңбегінде «...денсаулықты сақтау қызметі – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қызметкерлерінің (әкімшілік, педагогтер, психологтар, медициналық қызметкерлер) денсаулықты сақтау және нығайту саласындағы қызметінің нәтижелерін болжау, жоспарлау, іске асыру және бақылауды қамтиды» деп көрсеткен (Sharipova, 2024). Осы жерде мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық қызмет денсаулық сақтау білім беру ортасын құру, яғни оқу-тәрбие үдерісінде балаларға денсаулығын сақтау туралы білім беріп, әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сондықтан әрбір болашақ педагог-тәрбиеші балалардың жан-жақты дамуына, тәрбиесіне, олардың дене, психикалық және рухани денсаулығын қамтамасыз ететін қолайлы әрі қауіпсіз денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға өз үлесін қосатындай кәсіби құзыретті маман болуға міндетті.

2017 жылы өткен Ресей Ғылыми қоры, Федералдық ғылыми ұйымдар агенттігі және «Солтүстік-Батыс Стратегиялық Зерттеулер Орталығы» қоры арасындағы ғылыми тақырыптардың даму перспективаларын болжау жобасының ынтымақтастық аясында Нутрициология - 2040: Ғылым көкжиектері ғалымдар көзімен атты жобаның жүзеге асыруда нутрициологияның даму көкжиектері жан-жақты қарастырылған атап айтуға болады. Аталған жобаны жүзеге асуру барысында ғалымдардың зерттеу нәтижелері нутрициология денсаулықты тамақтану арқылы сақтауға байланысты бірқатар ірі сын сауалдарға жауап берумен қатар, болашақта алиментарлы аурулардың таралуы, тағам қауіпсіздігі, артық салмақпен күрес және халықтың денсаулығына бағытталған әлеуметтік сұраныстардың шешімін табушы сала екендігі анықталды. Осыған байланысты ғылыми зерттеуімізді мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруда нутрициология негіздеріне сүйене отырып, болашақ педагог-тәрбиешілерді дайындаудың теориялық және практикалық аспектілеріне тоқталу ерекше маңызға ие деп санаймыз.

Материалдар мен әдістер

Денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруда тәрбиешінің кәсіби рөлі тек дәстүрлі педагогикалық тәсілдермен шектелмей, заманауи ғылым салаларының бірі нутрициология негізінде әрекет ету қажеттігі қазіргі кезде туындап отыр. Болашақ тәрбиешілерді нутрициология негізінде денсаулық сақтау – білім беру ортасын құруға кәсіби дайындаудың алғышарттарын айқындау мақсатында адамның қажеттіліктерін жүйелі сипаттайтын А. Маслоудың мотивациялық теориясы негізге алынды. Осыған орай болашақ тәрбиешілерді нутрициология негізінде денсаулық сақтау - білім беру ортасын құруға ғылыми негізделген қажеттіліктердің бес деңгейі: физиологиялық, қауіпсіздік, әлеуметтік, абыройлық, және рухани аспектілері бойынша бөліп қарастырдық.

Баланың өмір сүру қажеттіліктерін қамтамасыз ететін орта - алдымен отбасы, одан кейін білім беру жүйелері. Білім беру жүйелерінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын алғашқы кәсіби құрушы - мектепке дейінгі ұйым. Себебі, мектепке дейінгі ұйымда балада бастапқы әлеуметтік дағдылар қалыптасады.

Баланың алғашқы әлеуметтік ортасы - отбасы, сондықтан дұрыс тамақтану әдеттерінің қалыптасуында ата-ананың рөлі маңызды орында. Осы орайда отбасымен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен іс-әрекеттері баланың тамақтың құрамын тануға деген қызығушылықтары артып, дұрыс тамақтану дағдыларының қалыптасуына оң әсер етеді (Bekmagambetova, 2024). Баланың тамақтану мәдениетін қалыптастырудағы ғылыми идеяларды жалғастырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру үдерісінде әлеуметтік орта, психологиялық ахуал және білім беру ықпалының өзара байланысы маңызды екенін көрсетеді (Yermakhanov et al., 2025).

Жоғарыдағы ғалымдардың идеяларын жалғастырып, ана мен тәрбиешінің тағамдық білімі баланың тамақ таңдауы мен тұтыну тәртібіне әсер ететінін дәлелдеп, қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда баланың денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие екенін атап өткен (Ormanci et al., 2022).

Көптеген ғылыми еңбектерді талдау барысында мектепке дейінгі ұйымдарда баланың салауатты өмір салтын, оның ішінде дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті арқылы жүйелі жүзеге асатыны анықталды.

Төменде педагогикалық үдеріс балалардың жас ерекшелігіне сай құралдар мен әдістерді қолдануын бөліп көрсетеміз.

Бірінші. Құралдар:

Көрнекі материалдар – тағам пирамидасы, суреттер, плакаттар, макеттер, тағам үлгілері (жасанды не табиғи).

Дидактикалық ойындар – «Сау тамақ – мықты денсаулық», «Қай тағам пайдалы?», «Түстер мен дәрумендер» секілді тақырыптық ойындар.

Сюжетті-рөлдік ойындар – «Дүкен», «Аспаз», «Дәрігер кеңесі» арқылы пайдалы мен зиянды тағамды ажыратуға үйрету.

Мультимедиалық ресурстар – анимациялық бейнероликтер, қысқа мультфильмдер, презентациялар.

Екінші. Әдістер:

Түсіндіру және әңгімелеу – тағам түрлерінің пайдасы туралы қарапайым тілмен жеткізу.

Сұрақ-жауап – балалардың ойлауын, есте сақтауын, пікір білдіруін дамыту.

Көрнекілік әдісі – нақты заттар немесе суреттер арқылы пайдалы тағамды көрсету.

Практикалық жұмыс – жемістер мен көкөністерден салат дайындау, тағам құрамын ажырату жаттығулары.

Шығармашылық тапсырмалар – тағам тақырыбында сурет салу, аппликация жасау, шағын сахналық көріністер ұйымдастыру.

Болашақ тәрбиешінің кәсіби даму бағыттары: балалармен диалог жүргізу әдістемесін меңгеру; тамақтануға қатысты ақпаратты жас ерекшелігіне сай түсіндіру тәсілдерін жетілдіру; ата-аналарға арналған ақпараттық парақша әзірлеуді үйрену; салауатты өмір салтына байланысты ойын және жаттығу технологияларын меңгеру.

Мектепке дейінгі ұйымда нутрициология негіздеріне сүйене отырып ұйымдастырылған оқу іс-әрекет ерекше рөл атқарады.

Нутрициология – қоректік заттардың ағзаға тигізетін физиологиялық, биохимиялық және метаболикалық әсерін зерттейтін кешенді ғылым.

Нутрициологияны мектепке дейінгі білім беру үдерісіне енгізу арқылы тәрбиешілер тамақтану тәртібін педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тағам туралы түсініктерді дұрыс қабылдауын ғылыми негізде жоспарлай алады. Келесі кезекте болашақ тәрбиешілерді нутрициология негізінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға дайындаудың бағдарламасының мазмұнынан үзінді ұсынамыз.

Болашақ тәрбиешілерге арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің үлгі жоспары. Тақырыбы: «Пайдалы тағам – денсаулық кепілі»

Мақсаты: Нутрициология негіздеріне сүйене отырып, болашақ тәрбиешілердің балаларда дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыруға арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін құруды үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- тағам құрамын, түрлерін және пайдасы мен зиянын ажырата біледі;
- балаларға жастарына сәйкес тамақтану және тамақтардың құрамы туралы түсінікті жеткізе алады;
- оқу іс-әрекетін нутрициологиялық принциптерге сай жоспарлап, ұйымдастырады;
- денсаулықты сақтау - білім беру ортасын құрудағы педагогтің қызметін түсінеді.

Практикалық сабаққа қажетті құрал-жабдықтар:

- тағам үлгілері (макет, сурет, фигуралар, муляждар)
- тағам пирамидасы постері
- мультимедиялық бейнеролик: «Дұрыс тамақтану не үшін қажет?»
- флипчарт, маркер, плакаттар, түсті қағаз, желім.

Кесте 1 — Болашақ тәрбиешілерді нутрициология негіздері арқылы денсаулық сақтау – білім беру ортасын құруға дайындаудағы кәсіби педагогикалық іс-әрекет құрылымы.

Кезеңдер	Оқытушы әрекеті	Студент (болашақ тәрбиеші) әрекеті
Мотивациялық кезең	Бейнеролик көрсету, тақырыпқа қызығушылық тудыру (тамақтардың құрамын суреттер арқылы табады)	Балалар рөлінде тыңдайды, сұрақтарға жауап береді
Ұйымдастыру кезеңі	«Қай тағам пайдалы?» ойыны, тағам түрлерін топтастыру	Топпен жұмыс: пайдалы/зиянды тағамдарды ажыратады
Негізгі кезең	«Тамақтану пирамидасы» бойынша түсіндіру, көрнекілікпен жұмыс	Суретпен жұмыс, сұрақтарға жауап беру, тапсырма орындау
Практикалық кезең	«Пайдалы тағамнан табақ жасайық!» шығармашылық тапсырмасы	Коллаж құрастыру, фигуралар, суреттер, муляждар арқылы тамақтарды сипаттау, тамақтар макетін жасау
Қорытынды	Студенттердің пікірін тыңдау, салауатты тамақтану туралы қорытынды жасау	«Не білдім? Не үйрендім?» рефлексия парағын толтыру

Мектепке дейінгі ұйымдарда дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу іс-әрекеті кешенді құралдар мен әдістер жүйесіне сүйенеді. Мұндай іс-әрекеттер балалардың танымдық, эмоционалдық және практикалық белсенділігін арттыра отырып, салауатты өмір салты мен тамақтану мәдениетін ерте жастан қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогтің басшылығымен жүргізілетін әдістемелік тәсілдер (дидактикалық ойындар, көрнекі құралдар, сюжетке негізделген тапсырмалар) баланың тағам туралы түсінігін кеңейтіп қана қоймай, денсаулықты бағалай білу дағдыларын да дамытады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу іс-әрекеті педагогикалық тұрғыдан жүйелі ұйымдастыруды талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыс мазмұндық, әдістемелік және тәрбиелік компоненттерден өзара бірлігін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес іріктелген әдістер мен құралдар олардың тағам түрлері, тамақтану тәртібі және пайдалы әдеттер туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болашақ тәрбиешілердің мектепке дейінгі білім беру үдерісінде нутрициология негіздерін меңгеру арқылы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған кәсіби даярлығының негізгі алғышарттарын бейнелейді. Нутрициология негіздері арқылы денсаулық сақтау – білім беру ортасын құруға дайындаудың мотивациялық, ұйымдастырушылық,

теориялық және практикалық кезеңдері бойынша әрекет түрлері мен болашақ тәрбиешілердің жетекші рөліне нақты көрініс табуы міндетті. Болашақ тәрбиешілерді нутрициология негізінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға дайындаудың алғы шарттарына жатады:

- болашақ тәрбиешінің тағам құрамын, түрлерін, пайдасы мен зиянын ажырата алуы;
- жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану мәдениеті туралы түсініктерді ғылыми негізде беруі;
- оқу іс-әрекетін нутрициологиялық қағидаларға сай жоспарлай білуі;
- салауатты өмір салтын насихаттай отырып, денсаулық сақтау-білім беру ортасын құра алуы.

Төменде болашақ тәрбиешілердің нутрициология негізінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға дайындау кәсіби құзыреттілігін арттырудағы оқу-тәрбие әрекеттерінің тұтастығын, балалармен жұмыс барысында қолданылатын көрнекі құралдар мен шығармашылық тәсілдердің маңызын көрнекі түрде ашатын үдерісті ұсынамыз.



Сурет 1 — Болашақ тәрбиешілерді нутрициология негізінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға дайындаудың алғы шарттары

Білім беру ортасының сапасы педагогтің кәсіби даярлық деңгейімен тығыз байланысты, бұл әсіресе мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және дамыту міндеттері тұрғысынан ерекше маңызға ие (Demintseva, 2021). Болашақ тәрбиешілердің салауатты өмір салтына бейімделуін қалыптастыруда негізгі академиялық пәндер арқылы жүргізілетін кәсіби даярлықтың рөлін атап көрсетеді. Автор мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулық мәдениетін ерте қалыптастыру үшін оқу мазмұнына нутрициология негіздерін кіріктіру қажеттігін негіздейді.

Сонымен қатар интегративті тәсілдің маңызын ғылыми тұрғыдан ашып, пәнаралық байланыстар мен жүйелі ойлау қабілеттерінің болашақ тәрбиешілердің кәсіби дамуына тигізер әсерін көрсетеді (Soatov, 2021). Мұндай тәсіл білім беру мазмұны мен тәрбиелік мақсаттардың үйлесімді жүзеге асуына жағдай жасайды, әсіресе тағам мәдениетін қалыптастыруда ғылымилық пен практикалық бағыттылықтың үйлесуі маңызды.

Көптеген ғалымдардың еңбегін саралау балалардың физикалық және психоэмоционалдық саулығының негізін құрайтын және мектепке дейінгі ұйымдардағы денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруда негізгі педагогикалық басымдықтар қатарына жататын алғышарттарын анықтауға мүмкіндік берді. Анықталған алғышарттар болашақ тәрбиешілерді нутрициология негізінде денсаулық сақтау – білім беру ортасын құруға дайындауда кәсіби даярлықтың сапасы, интегративті әдіснамалық ұстанымдар және нутрициологиялық білімдердің жүйелі түрде меңгерілуі қарастырылады.

Нәтижелер. Зерттеу жұмысы бір айналымды (бір топтық) тәжірибелік әдіспен жүргізілді. Модельде қатысушылар бақылау және эксперименттік топтарға бөлінбей, біртұтас зерттеу тобы ретінде қарастырылды. Мұндай әдіс білім беру тәжірибесінде нақты педагогикалық интервенцияның тиімділігін бағалауда қолданылады және салыстырмалы өзгерістерді зерттеу алды (pre-test) және зерттеу соңындағы (post-test) нәтижелер арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысына «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығында білім алатын 84 студент тартылды. Студенттермен жүргізілген жұмыстар зерттеу бағдарламасына сәйкес бірізділікпен ұйымдастырылды. Бағдарлама аясында студенттердің теориялық білімдерін тереңдетуге және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар мен әдістемелік жаттығулар қолданылды. Зерттеу үдерісі барысында алынған мәліметтер сапалық және сандық талдау әдістері арқылы өңделіп, педагогикалық интервенцияның тиімділігі мен ықпалы ғылыми негізде бағаланды. Эксперимент Қазақстан білім зерттеушілерінің Әдеп кодексінің (2020) талаптарына сай, ғылыми зерттеулердің этикалық принциптеріне сәйкес жүргізілді.

Респонденттерге 25 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Сауалнаманың негізгі тақырыптары нутрициология, денсаулық сақтау-білім беру ортасын

қалыптастыру, педагог-тәрбиешілер мен ата-аналардың рөлі. Анықтаушы эксперимент барысында студенттердің бастапқы білім деңгейі төмен болғаны байқалды. Экспериментке дейін нутрициология терминімен тек 18 студент таныс болса, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 71 студентке жетті. Бұл нәтиже білім деңгейінің айтарлықтай өскенін көрсетті.

Нутрициологияның мамандыққа қажеттілігі туралы сауалнамада бастапқыда 22 студент қана бұл бағыттың маңыздылығын атап өтті, ал эксперимент аяқталғаннан кейін 68 студент оның болашақ педагогикалық қызметте маңызды рөл атқаратынын түсінді. Балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруда педагогтар мен ата-аналардың бірлескен жауапкершілігін эксперименттен кейін 70 студент мойындағаны байқалды. Бұл олардың әлеуметтік рөлдер туралы түсінігінің кеңейгенін көрсетті. Тәрбиешілердің балаларға теңгерімді тамақтану әдеттерін үйрету қажеттілігіне экспериментке дейін 24 студент келіссе, эксперименттен кейін 72 студент бұл пікірді қолдады. Ғылыми білім деңгейі тұрғысынан алғанда, көмірсулардың энергия көзі екендігін 69 студент білді, ақуыздардың аминқышқылдарынан тұратынын 70 студент дұрыс анықтады, ал майлардың жасуша мембранасын құру үшін қажет екенін 67 студент білді.

Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа әсері туралы сұраққа жауап бергенде, эксперименттен кейін 71 студент дұрыс тамақтану дененің дұрыс өсуі мен дамуына ықпал ететінін түсінгендерін көрсетті. Иммунитетті нығайту үшін қажетті қоректік заттар (ақуыздар, дәрумендер, минералдар) туралы сауалнама нәтижесінде 73 студент дұрыс жауап берді. Тамақтану мәдениеті мен практикалық білімі бойынша да оң динамика байқалды:

- балалардың есте сақтау қабілетін жақсартатын өнімдер туралы білім деңгейі 72 студенттен көрінді;
- фаст-фуд өнімдерінің зияны туралы түсінік 71 студентте қалыптасты;
- тамақтану тәртібінің сақталмауының асқазан-ішек жолдары ауруларына әкелетінін 70 студент дұрыс түсінді;
- балалардың зияткерлік дамуына әсер ететін қоректік заттар (Омега-3 және В дәрумендері) туралы ақпаратты 71 студент меңгерді.

Осылайша, сауалнама нәтижелері болашақ педагог-тәрбиешілердің нутрициология саласы бойынша білім деңгейі мен практикалық түсінігінің айтарлықтай артқанын көрсетеді. Студенттер дұрыс тамақтанудың маңызын терең түсініп, денсаулық сақтау-білім беру ортасын құрудағы педагогтің рөлін айқын сезіне бастады.

Кесте 2 — Зерттеу алды (pre-test) және зерттеу соңындағы (post-test) сауалнама нәтижелері

№	Тақырыптар	Зерттеу алды (pre-test)	Зерттеу соңында (post-test)
1	Нутрициология терминімен таныстығы	18	71
2	Нутрициологияның мамандыққа қажеттілігі	22	68

3	Балалардың тамақтану мәдениеті – педагог пен атананың міндеті	25	70
4	Тәрбиешінің теңгерімді тамақтануды үйретуі	24	72
5	Көмірсулар – энергия көзі	20	69
6	Ақуыздар аминқышқылдарынан тұрады	21	70
7	Майлар – жасуша мембранасы үшін қажет	19	67
8	Дұрыс тамақтану денсаулыққа әсер етеді	23	71
9	Иммунитет үшін ақуыздар, дәрумендер мен минералдар қажет	22	73
10	Балалардың есте сақтау қабілетін жақсартатын өнімдер	21	72
11	Фаст-фудтың зияны туралы түсінік	20	71
12	Тамақтану тәртібін сақтамау ауруларға алып келетіні	22	70
13	Омега-3 және В дәрумендерінің маңыздылығы	19	71

Эксперимент нәтижелерінің сипаттамасы (pre-test vs. post-test)

Жоғарыда келтірілген кестеде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің нутрициология бойынша білім деңгейінің айтарлықтай артқаны көрінеді. Pre-test (зерттеу алды) және post-test (зерттеу соңындағы) салыстырмалы нәтижелер оқу үдерісіндегі интервенцияның тиімділігін айқындайды. Жалпы қорытындылар:

1. Теориялық білімнің артуы: Нутрициология ұғымымен таныс студенттер саны 18-ден 71-ге дейін өсті (*сауалнама нәтижелері бойынша ақпараттық-коммуникативтік және кәсіби танымдық деңгейді арттырудың нақты көрсеткіші*)

2. Кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы: Нутрициологияның мамандыққа қажеттілігін мойындаған студенттер саны 22-ден 68-ге жетті. (*болашақ маман ретінде тамақтану мәдениетіне қатысты жауапкершілік пен түсініктің артқанын көрсетті.*)

3. Әлеуметтік серіктестік пен педагогикалық рөлді ұғыну: Педагог пен атананың бірлескен қызметі туралы түсінікті 70 студент дұрыс қабылдады (pre-test: 25), (*әлеуметтік жауапкершілік пен тәрбие жүйесіндегі рөлін түсіну деңгейінің кеңейгенін аңғартады.*)

4. Ғылыми ұғымдарды меңгеру: Көмірсулар, ақуыздар, майлар сияқты негізгі қоректік заттар туралы білім pre-test кезеңінде орта есеппен 20-22 студент деңгейінде болса, post-test нәтижесінде 67-70 студентке дейін өсті.

5. Денсаулық сақтау ортасын құруға дайындық: Иммунитетті нығайту, дұрыс тамақтану мен оның денсаулыққа әсері туралы түсінік айтарлықтай артты (мысалы, пост-тестте 71-73 студент дұрыс жауап берді).

6. Практикалық білімнің нығаюы: Студенттердің балалардың есте сақтауын жақсартатын тағамдар, фаст-фуд зияны, Омега-3 пен В дәрумендерінің маңыздылығы жайлы білімі айтарлықтай кеңейді.

Зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде болашақ тәрбиешілерге

нутрициология бойынша білім беру және олардың денсаулық сақтау-білім беру ортасын құру құзыреттіліктерін дамыту мақсатында арнайы оқу бағдарламасы құрылды:

А) Дәрістер - 6 сағат (проблемалық, дискуссиялық, эвристикалық, жобалық т.б.)

Ә) Семинарлар - 6 сағат (сұрақ-жауап, шағын топтарда жұмыс, кейс-талдау, рөлдік ойындар)


Б) Тренингтер - 12 сағат (brainstorming, workshop, диагностика, практикалық топтық жұмыс)

Оқыту үдерісі теория мен практиканы ұштастыруға негізделіп, студенттердің аналитикалық ойлауын, практикалық қолдану дағдысын және кәсіби рефлексиясын қалыптастыруға бағытталды.

3 -кесте — Студенттердің сауалнама нәтижелерінің статистикалық өзгерісі (Саны және пайыздық көрсеткіші, $n = 84$)

№	Тақырыптар	Pre-test (саны)	Pre-test (%)	Post-test (саны)	Post-test (%)
1	Нутрициология терминімен таныстығы	18	21,4%	71	84,5%
2	Нутрициологияның мамандыққа қажеттілігі	22	26,2%	68	81,0%
3	Тамақтану мәдениеті – педагог пен ата-ананың міндеті	25	29,8%	70	83,3%
4	Тәрбиешінің теңгерімді тамақтануды үйретуі	24	28,6%	72	85,7%
5	Көмірсулар – энергия көзі	20	23,8%	69	82,1%
6	Ақуыздар аминқышқылдарынан тұрады	21	25,0%	70	83,3%
7	Майлар – жасуша мембранасы үшін қажет	19	22,6%	67	79,8%
8	Дұрыс тамақтану денсаулыққа әсер етеді	23	27,4%	71	84,5%
9	Иммунитет үшін қоректік заттардың қажеттілігі	22	26,2%	73	86,9%
10	Балалардың есте сақтауын жақсартатын өнімдер туралы білім	21	25,0%	72	85,7%
11	Фаст-фудтың зияны туралы түсінік	20	23,8%	71	84,5%
12	Тамақтану тәртібі бұзылуы – ауру себебі екендігі туралы түсінік	22	26,2%	70	83,3%
13	Омега-3 және В дәрумендерінің маңыздылығы туралы білім	19	22,6%	71	84,5%

Жоғарыда келтірілген кестеде студенттердің pre-test (зерттеу алды) және post-test (зерттеу соңындағы) сауалнама нәтижелері пайыздық көрсеткіш түрінде салыстырмалы түрде ұсынылған. Кестеден байқағанымыздай, барлық көрсеткіштер бойынша білім деңгейінің айтарлықтай артқаны анық байқалады.



Сурет 2 - Pre-Test және Post-Test нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Диаграмма сипаттамасы:

1. Нутрициология терминімен таныс студенттер үлесі 21,4%-дан 84,5%-ға дейін өскен.

2. Нутрициологияның мамандыққа қажеттілігін түсінгендер 26,2%-дан 81,0%-ға артқан.

3. Дұрыс тамақтану мен денсаулық арасындағы байланысты түсінетін студенттер саны 27,4%-дан 84,5%-ға дейін жеткен.

4. Ғылыми ұғымдар (көмірсулар, ақуыздар, майлар) туралы білім деңгейі 22–25% шамасынан 79-86% деңгейіне дейін көтерілген.

5. Практикалық білім көрсеткіштері (фаст-фудтың зияны, есте сақтау өнімдері, Омега-3 дәрумені туралы түсінік) де 60%-дан жоғары өсімді көрсетті.

Алынған нәтижелер бағдарламаның тиімділігін дәлелдейді және болашақ тәрбиешілердің нутрициология саласы бойынша кәсіби түсінігінің деңгейін көрсетеді.

Талқылау. Элеуметтік-мәдени даму теориясында баланың когнитивтік және элеуметтік дамуы негізінен элеуметтік өзара әрекеттестік арқылы жүзеге асады, яғни бала өз бетінше орындай алмайтын, бірақ ересектердің немесе білікті құрдастарының көмегімен орындай алатын тапсырмалар аясын білдіреді (Выготский, 1978). Демек баланың элеуметтену ортасында жаңа дағдыларды меңгеруіне бағытталған қолдау көрсетіліп, бала өз бетінше тапсырманы орындай алатын деңгейге жеткенше жалғасып отыру керек.

Білім беру ортасын құруды ұйымдастыруға арналған тұжырымдамаларымен үйлесім табады. С. Мануйлов тұжырымдамасында баланың тұлғалық

қалыптасуы мен жан-жақты дамуының негізгі тетігі ретінде білім беру ортасын дұрыс құру қажеттілігін алға қояды. Ғалымның теория аясында тұлғалық, іс-әрекеттік, жағдаяттық және ортаға бағытталған ғылыми-педагогикалық негізде төрт басты тұғыр айқындалады (Мануйлов, 2005).

Жоғарыда зерттелген еңбектерден болашақ тәрбиешілердің нутрициология негізінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға даярлаудың алғы шарттарының бірі басқарушы субъектінің білім беру ортасына және осы ортамен өзара ықпалдасатын жеке тұлғаға бағытталған тәсілді меңгеруі қажет деген тұжырым жасауға негіз болады. Демек болашақ тәрбиешілердің адам тұлғасын қалыптастыру мен дамыту механизмдерін кәсіби басқарудың теориялық және практикалық негіздерін білуді; баланы оқыту мен тәрбиелеу, денсаулығын сақтау ортасымен жүйелі қамтамасыз етуді; педагогикалық диагностикалау, жобалау, құру, бағалауды білуді талап етеді. Аталған талаптар ұсынған педагогикалық қағидаттармен өзара байланысып, бірін-бірі толықтыра түседі. В.А.Сластенин болашақ педагогтерге баланың жас ерекшеліктері мен психологиялық, интеллектуалдық қабілеттерін ескере отырып, оларды оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қарастыру қажеттігін баса көрсеткен. Ұсынылған қағидат білім беру ортасын жеке тұлғаның дамуына қолайлы әлеуметтік-педагогикалық кеңістік ретінде құруды көздейтін қазіргі заманғы талаптарға толықтай сәйкес келеді (Slastenin, 2002).

Осы теориялық тұжырымдар зерттеу барысында алынған эмпирикалық нәтижелермен өзара сабақтастықта қарастырылады. Атап айтқанда, pre-test және post-test нәтижелеріндегі айырмашылық болашақ тәрбиешілердің нутрициологияға қатысты бастапқы түсініктер мен зерттеу соңындағы танымдық деңгейі арасында елеулі өзгеріс қалыптасқанын көрсеті. Байқалған өзгерістер болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің тек жекелеген мәліметтерді меңгеруімен ғана емес, олардың денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға қатысты кәсіби бағдарларының нығайымен де сипатталады. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға дайындауда нутрициологияны құрал ретінде қарастыра отырып, көптеген ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Себебі нутрициология адамның дұрыс тамақтануы мен ағзаға түсетін қоректік заттардың әсерін зерттейтін ғылым. Ол тамақтанудың физиологиялық, биохимиялық, метаболикалық және әлеуметтік аспектілерін қарастырады.

Зерттеу нәтижелері болашақ тәрбиешілердің нутрициология ұғымын кәсіби қызметпен байланыстыра қабылдай бастағанын аңғартады. Әсіресе, нутрициологияның мамандыққа қажеттілігін мойындаған білім алушылар санының артуы олардың дұрыс тамақтану мәселесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде түсіне бастағанын білдіреді. Бұл өз кезегінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға даярлықтың мазмұндық негізін күшейтеді. Нутрициология (лат. nutritio - қоректену, гр. logos - ілім) адамның денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында дұрыс,

теңгерімді және ғылыми негізделген тамақтану жүйесін зерттейтін кешенді ғылым саласы болып табылады (Tel et al., 2019).

Жеке адамның жасына, жынысына, өмір салтына, физиологиялық ерекшеліктеріне қарай қандай тағам мен қоректік заттардың қажет екенін анықтап, нутрициология қамтитын негізгі келесі бағыттарын көрсеткен:

- ағзаның қоректік заттарға (ақуыз, май, көмірсу, дәрумендер, минералдар) қажеттілігін зерттеу;

- тағам рационының құрамы мен теңгерімін жасау;
- адамдарға, соның ішінде балалар, қарттар, жүкті әйелдерге арналған арнайы тамақтану ережелері;
- аурулардың алдын алу мен оңалтудағы тағамның рөлі;
- тамақтану мәдениеті мен тәрбиесі (Sharmanov, 1998).

Заманауи зерттеулер аясында арнайы тағам өнімдерін әзірлеу технологияларын, сондай-ақ нутригенетикалық әдістерді бөліп көрсете отырып, балалар ағзасына бейімделген жекелендірілген тамақтану бағдарламаларын әзірлеудің теориялық және қолданбалы тұғырларын ұсынған (Rugieva et al., 2020).

Балалар тамақтануы мәселесі пәнаралық зерттеу нысанына айналып, қазіргі кезде жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасып отыр. Шет елдегі зерттеулер балаларға арналған нутрициология ғылымының қалыптасу үдерісін жүйелі түрде талдай отырып, оның даму сатылары мен қазіргі жетістіктерін сипаттайды. Зерттеуде ерекше маңызға ие бағыт нутригенетикалық теория. Аталған теориямен тығыз байланысты тағы бір тұғыр жекелендірілген, яғни персонализацияланған тамақтану, қолданбалы-технологиялық тұғырлары және балаларға арналған тағамтану жүйесін қалыптастыруда тек медициналық немесе биохимиялық тәсілдермен шектелмей, пәнаралық зерттеу нәтижелеріне сүйену қажеттілігі негізделген интегративті тұғырлары сипатталған. Осылайша, педагогика, психология, физиология және генетика ғылымдары өзара ықпалдастықта қарастырылады.

Алынған нәтижелердің ішінде негізгі қоректік заттар туралы ғылыми білімнің артуы ерекше назар аудартады. Көмірсулар, ақуыздар, майлар, сондай-ақ дәрумендер мен микроэлементтердің қызметі туралы түсініктердің қалыптасуы болашақ тәрбиешілердің нутрициологиялық сауаттылығының күшейгенін білдіреді. Бұл көрсеткіштер олардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс тамақтану туралы білімді ғылыми негізде түсіндіруге даярлығының артқанын сипаттайды.

Аталған теориялар мен тұғырлар қазіргі кезеңде балалар тамақтану жүйесін тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруда ғылыми-тәжірибелік және әдіснамалық негіз болып табылады. Аталған ғылыми тұжырымдар (SDiab, 2015) зерттеулерінің нәтижелерімен өзара логикалық сабақтастықта дамиды. Оның еңбегінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиешілеріне арналған тағамдық білім беру нұсқаулықтары педагогтердің тағамтану саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар

балалардың физикалық дамуына оң әсер ететіні ғылыми тұрғыда негізделген. Осылайша, тағамдық білім беру мен балалардың денсаулығын сақтау мәселелері өзара тығыз байланыста қарастырылып, болашақ тәрбиешілерді даярлау процесінде аталған факторлардың маңыздылығы арта түсуде. Демек болашақ тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда дәстүрлі білім беру мазмұнын пәнаралық интеграцияға негіздеу мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулық сақтау-білім беру ортасын ғылыми негізде жобалаудың басты алғышарты.

Сонымен қатар, зерттеу барысында анықталған оң динамика болашақ тәрбиешілердің әлеуметтік-педагогикалық жауапкершілік туралы түсінігінің кеңейгенін көрсетеді. Атап айтқанда педагог пен ата-ананың балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастырудағы ортақ рөлін мойындау көрсеткіштерінің өсуі білім алушылардың кәсіби қызметті серіктестік пен ынтымақтастық аясында түсіне бастағанын байқатады. Мұндай ұстаным мектепке дейінгі ұйым жағдайында денсаулық сақтау-білім беру ортасын тиімді ұйымдастырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Осы бағытта тәрбиеші нутрициология негіздерін меңгеріп, баланың физиологиялық және тағамдық ерекшеліктерін түсіне отырып, денсаулықты нығайтатын педагогикалық орта қалыптастыра алады.

Америкалық жүрек қауымдастығының ғылыми тұжырымдамасында (Wood et al., 2020) тәрбиешілердің тамақтану дағдылары, балалардың тағамдық мінез-құлқының қалыптасуына тікелей әсер ететінін атап көрсетеді. Автордың идеясы баланың дұрыс тамақтануында өзін-өзі реттеу дағыларының дамуы тәрбиешінің тамақтану мәдениетінің маңызды қағидаттарын бірінші кезекте өзінің ұстану екенін алға тартады. Бұдан білетініміз мектепке дейінгі ұйымда денсаулығын сақтау – білім беру ортасын құру болашақ тәрбиешінің дұрыс тамақтану мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде, яғни заманауи тамақтану индустриясы жағдайында балаларды пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратуға, тағам құрамын білуге, денсаулыққа зиянды қоспаларды тануға үйретуде педагогикалық технологияларды дұрыс таңдау және қолдану шеберлігі.

Зерттеу нәтижелеріндегі өзгерістер тек теориялық деңгеймен шектелмей, практикалық мазмұнда да көрініс тапты. Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа әсері, фаст-фуд өнімдерінің зияны, иммунитетті нығайтуға қажетті қоректік заттар, есте сақтау қабілетіне ықпал ететін тағамдар туралы білімнің өсуі студенттердің қолданбалы сипаттағы түсініктерінің де кеңейгенін көрсетті. Бұл болашақ тәрбиешілердің кәсіби қызметінде балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әрекеттерді мазмұнды ұйымдастыруына негіз болады.

Осыған орай (Golovinova, 2024) өз еңбегінде болашақ мамандарда денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың өзектілігін негіздей отырып, денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға бағытталған кәсіби даярлықтың іргетасы жоғары оқу орны деңгейінде қалануы тиіс екенін

ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Осы үлгіні мазмұндық және ұйымдастырушылық жағынан толықтырып, тәжірибеге бейімдеген мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулық сақтау – білім беру ортасын құруда инновациялық жобаларды енгізудің стратегиялық рөлін негіздейді (Morova, 2023). Ол педагогикалық және басқарушылық жағдайларды тиімді ұйымдастырудың тәрбиешінің кәсіби қызметіндегі нәтижелілік пен білім беру сапасына ықпал ететін маңызды фактор екенін атап көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуде қолданылған арнайы оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы алынған нәтижелермен үйлесімді сипатта көрінеді. Дәріс, семинар және тренинг түрінде ұйымдастырылған жұмыс формалары студенттердің теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, оларды практикалық жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік берді. Сондықтан нәтижелердегі оң өзгерістерді болашақ тәрбиешілердің нутрициология негізінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға бағытталған кәсіби даярлығының біртіндеп қалыптасуымен байланыстыруға болады. Жоғарыда айтылып өткендей мектепке дейінгі ұйымға болашақ тәрбиешілерді дайындау жүйесінде нутрициологияны интеграциялау – білім мен денсаулықты ұштастыратын құзыреттілікті қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Нутрициологиялық білімнің болмауы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі, яғни тәрбиешінің тағамдық тәрбие беру бағытындағы кәсіби шешім қабылдауына, пайдалы және зиянды тағамдарды ажырату мен түсіндіруге, балалар мен ата-аналарға тиімді кеңес беруіне кедергі болады.

Сондықтан, балаларға тағам мәдениетін үйретуде болашақ тәрбиешінің мотивацияға бағытталған нутрициологиялық құралдар мен әдістерді қолдану біліктілігі ерекше маңызға ие. Олар пайдалы тамақтану дағдыларын саналы түрде қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпаратты жеткізу әдістері: көрнекілік, ойын элементтері, интерактивті әдістер баланың тағамдық мінез-құлқына тікелей әсер етіп, білім мен мінез-құлық арасындағы байланысты нығайтады. Аталған өзара байланыс отбасылық қолдаумен үйлескен жағдайда күшейе түсіп, мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулық сақтау-білім беру ортасын тиімді ұйымдастырудың маңызды педагогикалық алғышарттарының бірі ретінде танылады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мен талқылауда қарастырылған ғылыми тұжырымдар өзара мазмұндық бірлікте сипатталады. Эмпирикалық деректер болашақ тәрбиешілердің нутрициологиялық білімді меңгеруі олардың кәсіби ойлау жүйесіне, педагогикалық ұстанымына және денсаулық сақтау-білім беру ортасын ұйымдастыруға қатысты түсініктеріне ықпал ететінін көрсетеді. Бұл болашақ мамандарды даярлау жүйесінде нутрициология компонентін мақсатты әрі жүйелі енгізудің өзектілігін айқындай түседі.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері болашақ тәрбиешілерді нутрициология негізінде денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға жүйелі түрде дайындау қажеттілігін нақтылап берді. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру – физиологиялық қажеттілікпен

қатар, педагогикалық тұрғыдан негізделген мақсат ретінде қарастырылады. Тәрбиешінің тағамдық тәрбие саласындағы теориялық дайындығы мен практикалық шеберлігі кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде айқындалды. Нутрициология ғылымының мазмұнын білім беру үдерісіне енгізу болашақ тәрбиешілерге балалардың жас ерекшеліктерге сәйкес тамақтану дағдыларының жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып жүргізілген салыстырмалы талдау болашақ педагогтердің танымдық деңгейінің өсуін, кәсіби бағдарлары мен құндылықтық ұстанымдарының нығаюын көрсетті.

Денсаулық сақтау-білім беру ортасын құруға кәсіби дайындық тек мазмұндық біліммен шектелмейді. Жеке тұлғалық көзқарас, әлеуметтік жауапкершілік, балалармен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната білу сияқты кешенді құзыреттердің қалыптасуы қажет саналады. Педагогикалық білім беру бағдарламаларына нутрициология негіздерін кіріктіру, тәжірибелік сабақтар арқылы теорияны қолдануға үйрету және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету болашақ тәрбиешілердің кәсіби деңгейін арттырудың негізі ретінде ұсынылады. Эксперимент барысында алынған деректер болашақ тәрбиешілердің тағамдық тәрбие саласындағы теориялық білімдері мен практикалық дағдыларының едәуір артқанын дәлелдеді. Мысалы, «нутрициология» ұғымымен таныс студенттер саны бастапқыда 21,4% болса, зерттеу соңында 84,5%-ға жетті.

Алынған көрсеткіштер болашақ тәрбиешілердің тағамдық тәрбиеге қатысты нутрициология туралы білімдерінің жоғарылағанын және мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқара алатындығын дәлелдейді.

References

Maslow A.H. (2008) *Motivatsiya i lichnost'* [Motivation and personality]. Saint Petersburg: Piter. (in Russ.)

Sharipova D.D., Saifieva S.S. (2024) Preparing future educators for health preservation and life safety. In: Republican Scientific-Practical Conference Development of Preschool Education System Personnel. — P. 328–330. <https://doi.org/10.5281/zenodo.11241021> (in Eng.)

Qazaqstan Respublikasy Prezidenti (2023) Qazaqstan Respublikasy Prezidenti Kassym-Zhomart Toqaevtyн Qazaqstan khalqyna Zholdauy “Adiletty Qazaqstannyn ekonomikalyq bagdary” [Address of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan “The Economic Course of a Fair Kazakhstan”]. Astana, 1 September 2023. Retrieved from: <https://baiterek.gov.kz/kk/president-messages/memleket-basshysy-asym-zhomart-to-aevty-diletty-azastanny-ekonomikaly-ba-dary-atty-aza-stan-khal-yn4> (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrлігі (2022) Mektepke deiingi tarbie men oqytudyn memlekettik zhalpyga mindetti standarty [State mandatory standard for preschool education and training]. Astana, Order No. 348, 3 August 2022. Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrлігі (2023) Zhogary oqu oryndarynan basqa bilim beru uymdaryna arналған “Birtutas tarbie bagdarlamasy” [Unified upbringing program for educational organizations (excluding higher education institutions)]. Astana. (in Kazakh)

Maslow A.H. (1999) *Motivatsiya i lichnost'* [Motivation and personality]. Translated from English. Saint Petersburg: Evraziya. (in Russ.)

Bekmagambetova R.K. (2024) Mektepke deiingi pedagogika [Preschool pedagogy]. Almaty: Almanakh. — P. 262. (in Kazakh)

Ermakhanov B.O., Daniyarov T.A., Apendiev T.A. (2025) Formirovanie zdorovogo obraza zhizni u studentov: eksperimental'naya rabota i rezul'taty issledovaniya [Formation of healthy lifestyle among students: Experimental work and research results]. *Bulletin of Science of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*. <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.989> (in Russ.)

Ormanci N., Tasneem S., Caliskan T.B. (2022) Nutrition-related knowledge and attitudes of mothers and teachers of kindergarten children. *International Journal of Public Health Science*, 11. — P. 537-544. <https://doi.org/10.11591/ijphs.v11i2.21191> (in Eng.)

Demintseva O.A. (2021) Formation of future teachers' readiness for a healthy lifestyle in the process of studying basic academic disciplines. *Vestnik of the Mari State University*. — Vol. 15(1). — P. 11-19. <https://doi.org/10.30914/2072-6783-2021-15-1-11-18> (in Eng.)

Soatov E.M. (2021) Development of the future teacher of preschool education using an integrative approach. *Academic Research in Educational Sciences*. — Vol. 2(2). — P. 1375-1378. Retrieved from: <https://www.ares.uz> (in Eng.)

Vygotsky L.S. (1984) *Sobranie sochinenii: V 6 tomakh. T. 4. Detskaya psikhologiya* [Collected works: In 6 volumes. Vol. 4. Child psychology]. Moscow: Pedagogika. (in Russ.)

Manuilov Y.S. (2005) *Sredovyi podkhod v vospitanii* [Environmental approach in upbringing]. Moscow: Izdatel'stvo pedagogicheskikh nauk. (in Russ.)

Slastenin V.A., Isaev I.F., Shiyarov E.N. (2002) *Pedagogika: Uchebnoe posobie dlya studentov vysshikh pedagogicheskikh uchebnykh zavedenii* [Pedagogy: A textbook for students of higher pedagogical institutions]. Moscow: Akademiya. (in Russ.)

Tel L.Z., Dalenov E.D., Abdullaeva A.A., Koman I.E. (2019) *Nutritsiologiya* [Nutritional science (nutriciology)]. Moscow: Litterra. (in Russ.)

Sharmanov T., Akhmet-Tore M. (1998) *Russko-kazakhskii slovar' terminov po dietologii* [Russian-Kazakh dictionary of dietology terms]. Almaty. (in Russ.)

Pyrieva E.A., Gmshinskaya M.V., Safronova A.I., Shilina N.M., Georgieva O.V. (2020) The development of children's nutrition science in Russia. *Voprosy Pitaniia*. — Vol. 89(4). — P. 71-81. <https://doi.org/10.24411/0042-8833-2020-10043> (in Eng.)

Diab S.S. (2015) Effect of nutritional guidelines for kindergarten teachers on healthy physical growth of preschool children. *IOSR Journal of Research & Method in Education*. — Vol5(4). — P. 17-25. <https://doi.org/10.9790/7388-05411725> (in Eng.)

Wood A.C. (2020) Caregiver influences on eating behaviors in young children: A scientific statement from the American Heart Association. *Journal of the American Heart Association*, — Vol.9(10). — P.014520. <https://doi.org/10.1161/JAHA.119.014520> (in Eng.)

Golovinova A.A. (2024) Formation of a health-saving culture in future educators of preschool educational institutions. *Bulletin of the Altai State Pedagogical University*. — Vol. 4(61). — P. 34- 42. <https://doi.org/10.37386/2413-4481-2024-4-34-42> (in Eng.)

Morova G.Yu. (2023) Implementation program of the innovative project "Model of a health-preserving educational environment...". *Trends in the Development of Science and Education*. — Vol. 10. — P. 72-74. <https://doi.org/10.18411/trnio-10-2023-20> (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Подписано в печать 27.04.2026.

46,0 п.л.

Заказ 2.